



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ энергия тұтынуды басқаруда жүйелі тәсілді қолданады, оның мақсаты — энергия шығындарын азайту және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша төмендету. Компания ISO 50001:2018 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған, бұл тиімді энергия менеджменті жүйесінің бар екенін растайды.

Компанияда Энергоменеджмент саласындағы саясат бекітіліп, іске асырылуда. Осы саясатқа сәйкес энергия тұтынуға мониторинг жүргізіледі, энергия тиімділігі талданады және энергия үнемдейтін шешімдер енгізіледі. «Энергия түрлерін сәйкестендіру. Базалық көрсеткіштерді айқындау. Энергетикалық талдау» атты құжатталған рәсім енгізілген. Бұл рәсім энергетикалық тізілім жүргізуді, жабдықтардың сапалық және сандық сипаттамаларын бақылауды, сондай-ақ тұтынудың базалық деңгейлерін анықтауды қамтамасыз етеді.

Өндіріс объектілерінде энергия тұтынуды оңтайландыру бойынша шаралар енгізілді: светодиодты шамдарды орнату,автоматты жарықтандыру датчиктерін қолдану,энергияны көп жұмсайтын ұйымдық техниканы азайту,энергия үнемдеу режимдерін ескере отырып, төтенше электр қоректендіру көздерін пайдалану.

«Қазақтелеком» АҚ энергоменеджмент саласындағы саясатының» қағидаттары

- ҚР заңнамасының, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарын сақтау.
- Өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы ең үздік қолжетімді технологиялар деңгейіне қол жеткізуге ұмтылу.
- Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану.
- Компанияның энергетикалық тиімділігі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі.


Саясаттың қағидаттары мен ережелері келесі салаларға қолданылады: телекоммуникация қызметтерін ұсыну, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды басқару, телекоммуникация желілері мен инфрақұрылымды ағымдағы пайдалану.

Саясаттың негізгі бағыттары:

- Компания қызметкерлерінің кәсіби деңгейін, сондай-ақ персоналдың энергия үнемдеу және өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы білімін жүйелі және мақсатты түрде арттыру.
- Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы заңнамалық талаптардың, ұлттық және халықаралық стандарттардың

өзгерістеріне ден қою және ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру.

- Мүмкіндігінше сатып алу кезінде критерийлердің бірі ретінде энергия тиімділігін есепке алуды қамтамасыз ету.
- Негізгі технологиялық және энергетикалық жабдықтарды жаңғырту кезінде неғұрлым энергетикалық тиімді шешімдерді таңдауды қамтамасыз ету.
- Негізгі және қосалқы өндірістік процестерде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну мен өндірудің үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету.
- Кәсіпорын персоналын энергия үнемдеуге тарту және ынталандыру тетіктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.





РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ-да ресурс үнемдеуші технологияларға көшу және энергия тиімділігін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Компания өзінің энергия өндіруші объектілерінің жұмысы кезінде импортталатын электр, жылу энергиясын және отын ресурстарын тұтынуды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

Іс-шаралардың негізгі бағыттары:

- Люминесцентті шамдарды әкімшілік бөлмелердегі жарықдиодты шамдарға ауыстыру.
- Жарықтандыру жүйесіне арналған қозғалыс/болу датчиктерін орнату.
- Дербес компьютерлер үшін ұйқы режимін орнату, сондай-ақ дербес компьютерлерді автоматты түрде өшіру үшін бағдарламалық жасақтаманы орнату.
- Мыс желілерін заманауи оптикалық-талшықты технологияларға де-дубликациялау және жаңғырту.

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да энергиятиімділігін арттыру және ресурстарды үнемдеу мақсатында энергияаудит жүргізілді.

424 563 ▼ 7,5%

ГДж

2024 жылы жанармайдың жалпы тұтынылған көлемі

2024 жылы жалпы отын тұтыну көлемі 424 563 ГДж құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 7,5%-ға төмен. Энергияның негізгі көздері — бензин және дизель отыны.

Компанияда 248 жылжымайтын мүлік объектісінде автономды жылыту жүйелері пайдаланылады, оның ішінде:дизель отынымен — 107 объекті,газбен жылытумен — 108 объекті,қатты отынмен — 40 объекті (оның ішінде 28 объекті электр қазандықтарымен жабдықталған).2024 жылы мобильді және стационарлық көздерге (қазандықтарға) отын тұтынудың айтарлықтай өсуі байқалмады. Сонымен қатар, мобильді көздерге сұйытылған газдың, ал стационарлық көздерге қатты отынның (ағаштың) тұтынуы айтарлықтай төмендеді.

2024 жылы электр энергиясын тұтыну 628 276 ГДж құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,31%-ға артық. Тұтынудың артуы жаңа коммерциялық және технологиялық серверлердің қосымша орнатылуымен байланысты.

Айта кету керек, сервер жабдықтары тұрақты емес қуат тұтынады, ол процессорлардың (CPU), графикалық үдеткіштердің және басқа компоненттердің жүктемесіне байланысты өзгеріп отырады.




GRI 302-1

ЖАНАРМАЙ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰТЫНЫЛУЫ, ГДж

Көрсеткіштің атауы	2022	2023	2024	%
Бензин	180 543	197 783,4	209 710,9	6%
Дизель отыны	67 570	107 904,9	115 707,6	7%
Көмір	19 324	21 445,6	22 440,9	4,6%
Табиғи газ	101 415	108 074,1	71 508,2	(-33,8%)
Мотор отыны ретінде сұйытылған газ (пропан)	50 181	23 165,4	5 032,8	(-78%)
Ағаш отыны	-	528,2	166,8	(-68,42%)
ОЭР-ды жалпы тұтыну	419 035	458 901,7	424 563	

GRI 302-1

МЕНШІКТІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, ГДж






GRI 302-3

ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

Көрсеткіштің атауы	2022	2023	2024
Жалпы энергия тұтыну, ГДж	1 335 517	1 490 401,4	1 487 723
Қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кірістер, млн теңге	278 111	299 725	309 484
Меншікті энергия тұтыну, ГДж/млн теңге	4,8	4,97	4,8

МЕНШІКТІ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ГДж/млн теңге



4,8

ГДж/млн теңге

2024 жылы меншікті энергия тұтыну

2025 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2025 жылы энергия тиімділігін арттыру бойынша келесі шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

- Энергияаудит нәтижелері бойынша ғимараттарды жылу модернизациялауын қамтамасыз ету.



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ климаттың өзгеруін негізгі сын-тегеуріндердің бірі және бизнес-модельді трансформациялау мен тұрақтылықты арттырудың маңызды мүмкіндігі ретінде қарастырады. Төмен көміртекті экономикаға жаһандық көшу жағдайында Компания Қазақстан Республикасының климаттық мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ Париж келісімі аясындағы халықаралық міндеттемелерді орындауға елеулі үлес қосуды көздейді.

2023 жылы Компания TCFD (Климатқа қатысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі арнайы жұмыс тобы) ұсынымдарына сәйкес климаттық тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шараларды жоспарлады. 2024 жылы олардың едәуір бөлігі жүзеге асырылды.

Компания 2022–2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруды жалғастырып, климаттық талдаудың элементтерін стратегиялық және инвестициялық жоспарлау процестеріне енгізді. Есепті кезеңде Компанияның қызметі мен инфрақұрылымын қамтитын жан-жақты климаттық талдау жүргізіліп, халықаралық TCFD ұсынымдарын ескере отырып, ауыспалы және физикалық климаттық тәуекелдерді анықтау мен олардың негізгі бизнес-процестерге ықтимал әсерін бағалау жүзеге асырылды. 2024 жылы климаттық тәуекелдерді басқару бойынша жауапкершілік ресми түрде Басқарма мүшесіне жүктелді.

Анықталған климаттық тәуекелдерге бейімделу жоспарын әзірлеу – орта мерзімді перспективаға арналған басым іс-шаралардың бірі ретінде белгіленген.

Толық талдау нәтижелері «Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау бойынша аналитикалық есепте» көрсетілген, ол Компанияның telecom.kz сайтынан қолжетімді.

Біздің климаттық стратегиямыздың негізгі басымдықтары:

- Компания қызметінен және құндылық тізбегінің барлық кезеңдеріндегі парниктік газдардың шығарындыларын азайту және декарбонизация;
- Альтернативті энергетика;
- Ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру.

